

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті

Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы

Бекітілді

Тарих факультетінің Ғылыми кеңесінде

Хаттама № 14 «29» қыркүйек 2025 ж.»

Факультет деканы  Байгунаков Д.С.

«64344- Құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық технологиялар»

ПӘНІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

**«6B03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету»,
«6B03208-Сандық архивтану және құжаттану» білім беру бағдарламалары**

3- курс, күзгі семестр

9 кредит


Алматы 2025 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: аға оқытушы Р.Е. Нурбатырова

«6B03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету», «6B03208-Сандық архивтану және құжаттану» білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген.

Дүниежүзі тарих, тарихнама және деректану кафедрасы мәжілісінде қаралды және ұсынылды


«27.09.2025 ж.», хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі  Мырзабекова Р.С.

Оқыту және білім беру сапасы бойынша

академиялық комитеттің төрайымы

«05. 09. 2025 ж.», хаттама № 1



Бижанова М.Т..

КІРІСПЕ

«6B03204-Архивтану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету», «6B03208-Сандық архивтану және құжаттану» білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 25-49 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу ережесі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу – бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтарының жалпы саны – 60, әр емтихан тапсырушыға универ жүйесіндегі генерациялау негізінде 3 сұрақ беріледі .
4. Ұзақтығы - 2 сағат.
5. Студенттердің жазбаша жұмыстарын Емтихан Комиссиясы тексереді.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болу керек.

III. Емтихан нәтижелері:

1. Емтихан Комиссиясы студенттердің жазбаша жұмыстарын тексерген соң, пән оқытушысы баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылады.
3. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
4. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Ақпараттық технологиялардың теориялық негіздері және басқаруды құжаттамамен қамтамасыз етудегі орны

Ақпараттық технология ұғымы және даму кезеңдері. Басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету саласында ақпараттық технологиялардың рөлі мен маңызы. Дәстүрлі және электрондық құжат айналымының айырмашылықтары. Ақпараттық жүйелердің ұйымдық тиімділікке ықпалы. Ақпараттық технологиялардың дамуы мен құжаттық процестерге интеграциясы.

2. Құжаттаманы басқарудың нормативтік-құқықтық негіздері

Қазақстан Республикасындағы электрондық құжаттарды басқарудың заңнамалық және нормативтік базасы.

Негізгі заңдар мен ережелер:

«Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» ҚР Заңы (22.12.1998 №326-I)

«Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» ҚР Заңы (07.01.2003 №370-II)

«Ақпараттандыру туралы» ҚР Заңы (24.11.2015 №418-V)

ҚР Мәдениет және спорт министрінің БҚҚ саласындағы бұйрықтары

ЭҚАЖ енгізудегі құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілер.

3. Электрондық құжат айналымы жүйелері (ЭҚАЖ): құрылымы, функциялары және даму бағыттары

ЭҚАЖ ұғымы, архитектурасы. ЭҚАЖ негізгі компоненттері мен функциялары.

ЭҚАЖ тиімділігін бағалау критерийлері.

Электрондық құжаттардың өмірлік циклі және оларды басқару стратегиялары.

4. Қазақстан Республикасындағы электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (ЭҚАБЖ)

ЭҚАБЖ-ның мақсаты мен міндеттері.

Мемлекеттік органдардағы ЭҚАБЖ-ның құрылымы мен жұмыс істеу принциптері.

Қазақстан тәжірибесін халықаралық жүйелермен салыстыру.

ЭҚАБЖ-ның өзекті мәселелері және жетілдіру жолдары.

5. Ведомстволық электрондық құжат айналымы жүйелері

Lotus Notes, Documentolog, Directum RX, Docsvision секілді жүйелердің функционалдық мүмкіндіктері.

Жүйелердің қолдану салалары, тиімділік көрсеткіштері және интеграциялау мүмкіндіктері.

Отандық ұйымдардағы ЭҚАЖ енгізу тәжірибесі.

6. Құжаттарды цифрландыру және метадеректер

Цифрландыру процесі және OCR технологиялары.

Электрондық құжаттардың сапасын сақтау, түпнұсқалықты қамтамасыз ету.

Метадеректер ұғымы және сипаттау стандарттары (Dublin Core, EAD).

Метадеректердің архивтік ақпараттық жүйелердегі рөлі.

7. Электрондық құжаттардың сақталуын, қауіпсіздігін және қолжетімділігін қамтамасыз ету

Электрондық құжаттардың түпнұсқалығы мен дәлелдік күші.

Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау тәсілдері.

Ұзақ мерзімді сақталым мәселелері және формат миграциясы.

OAIS моделі және халықаралық тәжірибе.

8. Ақпараттық технологиялардың жаңа бағыттары: Big Data және жасанды интеллект

Big Data технологияларының құжат айналымындағы қолданылуы.

Жасанды интеллект құралдарының (AI, NLP) басқару процестеріндегі мүмкіндіктері.

Құжаттаманы басқарудағы болашақ тенденциялар мен инновациялар.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

Ларин, М.В. Информационное обеспечение управления. – М.: РГГУ, 2019.

Куняев, Н.Н., Кондрашова, Т.В., Терентьева, Е.В. Информационные технологии в документационном обеспечении управления и архивном деле. – М.: РГГУ, 2016.

Ларин, М.В. Управление документами в цифровой экономике. – М.: РГГУ, 2021.

Millar, L. Archives: Principles and Practices. – London: Facet Publishing, 2017.

McLeod, J., Childs, S., Hardiman, R. Records Management in the Digital Age. – Routledge, 2010.

Қосымша әдебиеттер:

Duranti, L. & Preston, R. InterPARES Project. – Padova: ANAI, 2008.

Shepherd, E. & Yeo, G. Managing Records: A Handbook of Principles and Practice. – Facet Publishing, 2003.

Cox, R.J. Managing Records as Evidence and Information. – Routledge, 2017.

Интернет-ресурстар:

<http://www.rkcntidad.kz>

<https://adilet.zan.kz>

<https://elib.kaznu.kz>

<https://elibrary.ru>

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету саласындағы ақпараттық технологиялар.

Форма: жазбаша (оффлайн).

Платформа: Univer АЖ

Критерийлер	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз
1-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
Ақпараттық технологиялардың теориялық негіздерін және басқаруды құжаттамамен қамтамасыз етудегі рөлін түсіну.	Ақпараттық технологиялардың негізгі ұғымдарын, даму кезеңдерін және басқару саласындағы маңызын толық түсіндіреді; дәстүрлі және электрондық құжат айналымының айырмашылығын нақты мысалдармен ашады; дереккөздер мен стандарттарға орынды сілтеме жасайды.	Негізгі теориялық ұғымдарды дұрыс түсіндіреді, бірақ мысалдары немесе салыстыруы толық емес; дереккөздерге сілтемелер бар, бірақ шектеулі.	Теориялық ұғымдарды үстірт түсінеді; салыстырулар мен мысалдар жеткіліксіз; сілтемелер аз.	Сұрақтың мазмұны ашылмаған, негізгі ұғымдар мен заңнаманы білмейді; сілтемелер келтірілмеген.
2-сұрақ	27–30 балл	20–26 балл	14–19 балл	0–13 балл
Электрондық құжат айналымы жүйелерінің құрылымы мен функцияларын талдау, тәжірибелік мысалдармен негіздеу.	ЭҚАЖ архитектурасын нақты мысалдармен сипаттайды; функцияларын дәл талдайды; тәжірибеде қолдану үлгілерін орынды келтіреді.	ЭҚАЖ құрылымы мен функцияларын сипаттайды, бірақ байланыстар мен мысалдар толық ашылмаған; практикалық қолдану үлгілері бар, бірақ шектеулі.	ЭҚАЖ элементтерін ішінара біледі; түсіндірмелер мен мысалдар жеткіліксіз; талдау әлсіз.	ЭҚАЖ ұғымы мен құрылымын түсінбейді; тәжірибелік мысал келтірілмеген немесе сұраққа қатысы жоқ.
3-сұрақ	35–40 балл	25–34 балл	15–24 балл	0–14 балл

Ақпараттық жүйелерді, заманауи технологияларды және құжат айналымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерін тәжірибеде қолдану және бағалау қабілеті.	Ақпараттық қауіпсіздік, деректерді сақтау және қолжетімділік стратегияларын нақты сипаттайды; Big Data және жасанды интеллект технологияларын құжат айналымына интеграциялау мысалдарын орынды талдайды; ғылыми негізделген қорытындылар мен ұсыныстар береді.	Ақпараттық қауіпсіздік пен заманауи технологияларды дұрыс сипаттайды, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған; мысалдары шектеулі; қорытынды жалпы сипатта.	Қауіпсіздік пен технологияларды үстірт түсіндіреді; талдауы әлсіз; логикалық қорытынды жоқ немесе толық емес.	Жауап сұраққа сәйкес келмейді; ақпараттық технологияларды қолдану және бағалау бойынша білім көрсетпейді.
--	---	--	--	--